





Ай сайын шығатын республикалық әдістемелік журнал  
Ежемесячный республиканский методический журнал

№5 2010



# МЕКТЕПТЕГІ ТЕХНОЛОГИЯ В ШКОЛЕ



Зауреш Қайыржанқызы ҚҰСПЕКОВА  
№26 ЖОББҚМ технология пәні мұғалімі  
Екібастұз қаласы, Павлодар облысы

ТЕХНОЛОГИЯ - ШЕБЕРЛІК, ІСКЕРЛІК, БІЛГІРЛІК МЕКТЕБІ  
ТЕХНОЛОГИЯ - ШКОЛА МАСТЕРСТВА, ИСКУССТВА И УМЕНИЯ

## БАЛАЛАРДЫ ЕҢБЕККЕ ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ ҚОЛӨНЕР ҮЙІРМЕСІНІҢ МАҢЫЗЫ

Б.Ж. ИСЕНҚҰЛОВ, №2 орта мектептің технология пәнінің мұғалімі  
Ақтөбе облысы, Темір ауданы, Шұбарқұдық кәсіпшілігі

### Түсінік сөзі

Атам қазақ бала тәрбиесінде өмір тіршілігінің ертеңгі келешегіне ерекше мән берген. Бала жас кезінен көзі көргенді көңілге тоқып, қолы үйреніп істей алатындай болуға бейімдендіріледі. «Ұл бала болса үш өнерді, қыз бала болса үш өнерді білуі пәрыз дейді екен. Сондағы бұл үш өнер не? Ұл бала таспа тіліп, өрім өре білу, шаш алып сақал-мұрт басуы, мал союып, оны мүшелей білу қажет. Ал қыз бала ине сабақтап, кесте тігіп, ұршық ұстап, жиі иіруі, арқау құрып, қал тақуды үйренуі керек болған. Осындай қазақ арасындағы естаға тән үш өнерді бәсекелесі мені тұрмыстағы өз қажетін есі бала, оны меңдеуге баулығаны болды».

Мысалы, бір кестенің төрт таспа, алты таспа, сегіз таспа, он екі таспа, жиырма төрт таспа болып кете баратын өрім де болған. Бұйра қамшы, сарала қамшы, тобылғы сапты қамшы, бұзау тіс, дойыр, дырау қамшы т.б. болып аталған. Ал тігін жөнінде басқасын айтпағанда, қайып тігу, қарбып тігу, бүріп тігу, жөргеп тігу, телшіп тігу, көктеп тігу, сияқты кете баратыны бар. Өнерде өлшем жоқ. Өнердегі өлшем ептілік, үйрену, жұртты сүйсіндіретін тамашасымен тамсандыруда жатыр.

Өнер – әсемдіктің ең жоғарғы түрі, өйткені ол табиғаттың әсемдігін де, адам еңбегімен жасалған заттардың әсемдігін де, сол адамның ұлылығы мен сұлулығын да, оның ой-арманын да өз бойына жинақтап, жан-жақты бейнелей алады.

Адам әсемдігін алдымен оның еңбегінен іздеу керек, өйткені адамның мәні даңқы оның еңбегімен анықталады.

Еңбек әсемдіктің өлшемі, біздің өміріміздің негізі.

Еңбек – жер бетіндегі құндылықтың қайнар көзі.

Еңбек – сарқылмас қуаттың, прогрестің, адам бақытының қайнар бұлағы, өмір өзегі.

Өнерді заман алға қойып отырған талаптармен ұштастыра қараған жөн.

«Қайнардың көзі басында.

Өнердің көзі халықта» – дегендей, халықсыз өнер, өнерсіз халық жоқ.

Өнер өмірді сұлулықпен байытып, адамдардың эстетикалық қажеттерін қанағаттандыруды қамтамасыз етеді.

Өнер жақсыға сүйсіндіреді, жаманнан бөзіндіреді.

«Ұсталы ел озар, ұстасыз ел азар» – дегендей, қазақ мектептері жаңару үстінде. Сондықтан технология пәні мұғалімдеріне өз сабақтарында халық қолөнері негіздерін енгізу – қазіргі күн талабы.

Технология саласы оқушыларды халық дәстүрімен, едет-ғұрыптарының түрлерімен таныстыра отырып, ұлттық этика, эстетикалық қабілеттерін және әділеттік, инабаттылық едет-дағдыларын қалыптастырады.

Өзге халықтар сияқты қазақтың да балаларға қолөнер шеберлігін үйретуде ерте заман бері жиіп-терген мол тәжірибелері бар. Өз ұрпағының «Сегіз қырлы, бір сырлы», өнегелі болып өсуін мақсат еткен ата-анамыз өз бойындағы бар асыл қасиеттерін әлденеше ғасырлар бойы ұрпақтан ұрпаққа жалғастырып, насихаттап үйретіп келген.

Осы тұрғыда ежелгі гректің бір афоризмінде «Бала жаны – толтыратын бос ыдыс емес, тұтатуды қажет ететін алау» делінген екен, ал өз халқымызда «Бұлақ көрсен, көзін аш» дегендей, өнерге икемі бар, іскерлік бар балалардың өнерге деген білімін қалыптастыру, іскерліктерін шыңдау жолында және де қолөнер туындыларының құрамына ұлт тұта отырып, көнере бастаған түрлерін қанерту, одан әрі дамыту мақсатында үйірме жұмыстарын жүргізу».

Оқушылардың сабақтан алған білімін нақтылап, дамыта отырудың бірден-бір жолы үйірме жұмыстары.

Осы ерекшеліктерді ескере отырып, «Жебе» үйірмесіне 5-10 сыныптар аралығынан қолөнерге, техникаға бейімі бар оқушыларды жинақтап, үйірме жұмысын бастадық. Үйірме жұмысы 2 бағытта жүргізіледі:

1) Сәндік-қолданбалы қолөнері;

2) Техникалық шығармашылық өнері.

Техника моделін жасауды үйрету кезінде оқушылардың жалпы еңбек ету іскерлігін жетілдіріп, жинақтай түсуге, яғни жұмыс орнын тиімді ұйымдастыра, аспаптарды орнымен пайдалана білуге, жоспармен және саналы әрекет істеуге, жұмыс үстінде өзін-өзі, өзгелерді бақылай білуге, тың жағдайда тапқыр шешім таба білуге үйретеді.

Техникалық конструкциялау балалар үшін әр қызықты, әрі шамаға лайықты әрекет түрі, оның міндеті – техникалық макеті мен жұмыс істейтін модельдерін жасау.

Модель жасаған кезде оқушылар дербестігін, тапқырлығын, шығармашылық қабілетін көрсете алады.

Үйірме жұмысында дұрыс бағыт-бағдар беру үшін жұмыс бағдарламасы құрастырылып, үйірменің ұраны, мақсат пен міндеттері анықталады.

Шығармашылық ізденудің нәтижесінде тұрмысқа керекті заттардың жаңа, сан алуан түрлері жасалып отырады. Жалпы халық арасындағы қолөнердің бай мұраларын жинап, сұрыптай отырып, заманымызға сай, лайықты сала, түр беру әдісімен оларды ілгері дамыта берді.

Біздің мектепте оқушылар ағаштан, металдан немесе басқа материалдан әсем бұйымдар, модельдер жасауға қызығады. Соның нәтижесінде оқушылардың бойында үлкен ізденіс, еңбекқұмарлық, өнерсүйгіштік артқанын байқадым. Қазіргі кезде оқушылардың қолымен жасалған бұйымдар аудандық, облыстық жасөспірімдер көрмелерінде жүлделі орындарға ие болып жүр.

Үйірме жұмысы жүйелі жүргізіліп, іс-тәжірибе жинақталып, көптеген жетістіктерге қол жеткіздік.

Сәндік-қолданбалы өнер бағыты бойынша:

Ұраны: «Талаппен бастап, талғаммен аяқта».

Тәрбиелік мақсаты:

1. Қолөнері тек оқу-өрнек қана емес, олар математикалық ойдың, есептің бұрыштар өлшемдерінің, жан-жақты шығармашылықпен ойландыратын тәрбие құралы.

2. Қолөнер қоғам өміріндегі еңбектің, өнердің рөлін түсініп, өнер адамдарына деген құрметке тәрбиелейді.

3. Қолөнер жастарды қоғамдық пайдалы, өнімді еңбекке тәрбиелейді.

4. Өздері жасаған бұйымдарға, мектеп мүлкіне аялы көзқарауға тәрбиелейді.

**Білімділік пен дамытушылық мақсаты:**

1. Игеру арқылы оқушыны өнерпаздыққа, халқының тарихын біліп, мәдени мұрасын қадағалап, дәстүрін жалғастыра білуге тәрбиелеу.

Баланың бойындағы талант пен дарынды дамыту және дамыту.

Бастаған жұмысқа тыныштық, қызық, оралмандықпен дер кезінде әдеттегідей дайындау.

Күнделікті тұрмысқа қажетті ою-ағаш тұлғаны қазіргі заман талабына сай қолөнер бұйымын жасап шығару.

Соны жаңа дизайн талаптарына сай әсемдей білуге үйрету.

«Өнерде өлшем жоқ»

**Міндеттері:**

1. Жұмыс орнын ұйымдастырып, тиімді пайдалану. Керекті материалдарды ұқыпты үнемдеп, ретімен пайдалана білуге еңбек мәдениеті мен техника қауіпсіздігінің бастапқы элементтерін меңгеруге бағыттау.

2. Оқушылардың еңбек ету іскерлігі мен дағдысын қалыптастыру.

3. Баланы жалғыздықтан сақтау.

4. Оқушының еңбекке деген шығармашылық көзқарасын қалыптастыру.

5. Баланың өзін-өзі тану қабілетін жетілдіру және оған ықпал жасау.

6. Халық дүниесін топтастырып, жинап, жүйелеп жіктеп, екшелей іске асыру, заман талабына сай түрлендіре отырып тұтыну;

7. Әрбір ұлттық өнер үлгілерінің интернационалдық сипатын күшейту;

8. Көне мұраларды іздеп, тауып, жаңғыртып іске асыру және жалғастыру;

9. Бала еңбегін ынталандыру және насихаттау. Көрмелерге қатыстыру.

**Бағдарламаның жоспары (жоба)**

№	Тақырыптық бөлімдері	Сағ	Өтілетін күндері
I.	Асхана жабдығын (набор) жасау технологиясы. Қайталау.	10	
а)	Шеңберді n бөліктерге бөлу әдістері, геометриялық денелерді бөлу.	1	
ә)	Үш қырлы ойық өрнек. Салу, ою әдіс тәсілдері.	1	
1.	Ағаш таңдау, тазалау, аралау.	1	
2.	Эскизін дайындау, сырт пішінін келтіру.	6	
3.	Ағашқа ою салу, ою.		
4.	Лактау.		
II.	Табақ (тостаған) жасау технологиясы.	12	
1.	Сызбасын жасау (жобасын).	1	
2.	Ағаш таңдау, тазалау, аралау.	1	
3.	Сырт пішінін келтіру – ойып, қашау.	3	
4.	Ішін ойып алу.	3	
5.	Түрлі қағазбен тазалау.	1	
6.	Ұлттық өрнекпен жиектерін өрнектеу.		
7.	Лактау.		
III.	Бесік жасау технологиясы.	13	
1.	Бесіктің тұрмыстағы пайдалануы мен құрылымын түсіндіру. Бесікке байланысты әдет-ғұрыптар мен тәрбиелік мәнін түсіндіру. Жасалу жолдарын түсіндіру. Сызбасын дайындау. Ағаш таңдау, өңдеу.	1	
2.	Белағаш дайындау, оны өрнектеу.	1	
3.	Алыңғы бас, артық бас (немесе беген жасау, оны өрнектеу) – 2 дана.	5	
4.	Бесіктің сирағын жасау, өрнектеу – 4 дана.	5	
5.			

**Техникалық шығармашылық бағыты бойынша:**

**Ұраны:** «Ойлайық, жасайық, жасайық, ойлайық, ойындағыны жүзеге асырайық» И. П. Павлов

**Мақсаты:**

1. Бүгінгі таңда оқу-тәрбие ісі мен мектеп оқушыларын еңбекке баулудың ең негізгі талаптарының бірі жеке бастық шығармашылық жағы мен белсенділігін қалыптастыру.

2. Балалардың құмарлығын пайдалана және қызығушылығын оятып, оқушыларды техникалық шығармашылыққа баулау.

3. Балаларды білімді білуге, ойлауға білуге, қиялдауға, өзін-өзі танытуға, құрылысын алдын-ала жобалай білуге үйрету.

4. Балаларға өз орын-ер түрлі ойша, графикалық және практикалық нұсқада түрлендіре отырып, еркін жобалауға мүмкіндік беру.

5. Оқушыларға жалпы, техникалық білім беру, балалардың техника саласындағы шығармашылық қабілетін дамыту.

**Міндеттері:**

1. Мейлінше кең таралған құрал-саймандармен жұмыс істеуге, әр түрлі материалдарды өңдеу кезінде қол еңбегін орнымен пайдалануға дағдыландырып, ікемділікті жетілдіре түсу.

2. Техникалық бейнелі ойлануды және өз ойындағысын жазықтыққа шығаруды қалыптастыра түсу (нобай, сурет, қарапайым чертеж, кескіндердің көмегімен).

3. Қарапайым техникалық объектілердің құрылысына деген құмарлық пен қызығушылықты ояту, олардың конструкциясын түсініп, талдай білуге және осы объектілердің мәкети, модельдерін жасауға деген құмарлықты дамыту.

4. Қарапайым техникалық объектілерді құрастыру мен жасауды, өз бетінше жүргізу дағдысын қалыптастыруға ықпал жасау.

5. Балалардың зеректігін, тапқырлығын және өз бетінше ізденуін, шығармашылық жұмыс істеуге деген табанды қызығушылығын дамыту.

1.	Кіріспе сабақ, Материалдар мен құрал-саймандар	1
2.	Техникалық ұғымдар: а) Өр түрлі материалдардың қасиеттері мен оларды пайдалану. Өткізгіш материалдар. Изолятор материалдар ә) Аспаптану (сүргі, қол ара, қайшы, гайка, бұрғы, қашау, бұрғылау станогі, біз, тістеуік, бұрағыш, ток индикаторы, пинцет, балға) құрал-сайманмен таныстыру, қолдану ережесі. Техника қауіпсіздігі ережесі б) Сарамандық жұмыс. Құрал-сайманмен жұмыс, қағазбен картоннан үлгі шаблон жасау, ойдан шығару арқылы техникалық объектілер жасау. Техника қауіпсіздігі ережесін сақтау.	1 1 1
3.	Бастапқы графикалық білім мен іскерліктер 1. Сызу құрал-саймандары: сызғыш, бұрыштық, циркуль, қарындаш, тартыспортир. Олардың мақсаты мен пайдалану ережелері. Сызу сызықтарымен танысу. 2. Геометриялық фигуралармен танысу (үшбұрыш, шеңбер, шаршы т.б.). Диаметр, радиус секілді шартты белгілер. Шеңберді 3, 4, 6, 8, 12, 5 бөлікке бөлу, өлшемдерді оқи білу. 3. Сарамандық жұмыс. Чертеж сызықтары пайдаланып белгі салу және қағаз модельдер жасау (батырауық, ұшақ т.б.) 4. Шеңберді бөлу әдістері: 3, 4, 5, 6, 12, 5 бөліктерге бөлу.	3 1 1 1
4.	1. Ток көзі, ток тұтынушы құралдар, ток түрлері, шартты белгілер. 2. Қарапайым электр схема, электр объектер. Оқшаулағыш. Жалпы мағлұмат. Жалғау түрлері (тізбектер, параллель). 3. Сарамандық жұмыс. Ток көзі, ток тұтынушы құралдар. Ток түрлері (айнымалы, тұрақты). 4. Сарамандық жұмыс. Қарапайым электр схема. Тізбек құрастыру.	1 1 1 1
5.	Техникалық модельді үйренудегі графикалық әзірлік 1. Техникалық сурет, сызба, эскиз туралы ұғымдар. Масштаб түрлері (үлкейту, кішірейту) құрастырма чертеж туралы түсінік. Қарапайым электр схемаларын оқу және құрастыра білу. Сарамандық жұмыс. 2. Масштаб арқылы детальдың сызбасын үлкейту және кішірейту. 3. Модель жасағанда құрастырма чертежді пайдалану. 4. Электрлендірілген модельдер жасауда қарапайым электр схемаларын чертежге қарап оқу және құрастыру.	1 1 1 1
-	Қарапайым бра (жар шамы) жасау технологиясы 1. Ағаштан, 135*220 мм ағашты аралап, дөңгелетіп кесіп зымпара қағазбен 2. Кронштейн ағаштан дайындау. 3. Тізбекті токқа қосу. Бәрін жинастыру, құрастыру. Бояу, Лактау.	6 2 2
-	Катамаран жасау технологиясы 1. Сызбасын дайындау. Желкенді қайыққа қойылатын талаптар, ағаш таңдау. Пластикалық шынылар дайындау. Желім, жіп, қаңылтыр дайындау. Желкеннің сызбасы. 2. Негізін дайындау: Ағашты аралап кесу, тазалау, желімдеу, желкен тігу, крахмалдау, кептіру. 3. Пластикалық шыныларды кесіп желімдеу, біріктіру. Барлық бөлшектерді негіздің үстінде орналастыру. Қозғалмалы желкен, мачты жасау.	7 2 2 3
-	Жылжымалы картинг жасау технологиясы. 1. Негізгі дайындау. 2. Дөңгалақтар орналастыру. 3. Қозғалтқыш орналастыру. 4. Бояп, біріктіріп жүргізу.	7 1 2 2 2

## 5-сынып

№	Тақырыбы	Сағат саны	Уақыты
1	Кіріспе Қауіпсіздік ережесі	1	02,09
2	Сәндік қолданбалы өнер ұлттық бұйымдар мен таныстыру	2	09,16
3	Ағаш шебері шебер үстелінің құрлысы	2	23,30
4	Құрлымдық материал ретінде Ағаш туралы жалпы мәліметтер	2	07,14,10
5	Ағаш өңдеу өнер кәсібіндегі кәсіптер.	3	21,04,11
6	Ағаш материалын қол арамен өңдеу I	3	18,25,02,12
7	Ағашты қолмен сүргілеп өйдеу .	2	09,16
8	Ағаштан үй жануарларын жасау	5	23,30,13,20,27.
9	Ағаш материалдарын бұрғылап қолмен өңдеу	2	03,10
10	Бұрғы түрлері	1	17
11	Ағаштан бөлме өсімдіктеріне арналған тұғырлық дайындау	4	24,03,10,17
12	Металдар туралы жалпы мәлімет	2	07,14
13	Темір шебер үстелінің құрлысы.	1	21
14	Жұқа табақты материалдан сымтемірден қалақ бөлшектерін жасау	3	28,05,12
15	Жасалған жұмыстардан көрме ұйымдастыру	1	19

## 6-сынып

№	Тақырыбы	Сағат саны	Уақыты
1	Кіріспе .Қауіпсіздік ережесі	1	3,09
2	Сәндік қолданбалы өнері ұлттық бұйымдармен танысу	2	10,17
3	Еліміздегі ағашты өңдеу түрлерімен ерекшеліктері	2	24,01
4	Ағаш діңінен алынатын өнім түрлері	2	08,15
5	Ағаш өңдеу құралдары	2	22,05
6	Ағаш желімдерінің түрлері	2	12,19
7	Ағашты кертіріп өңдеу	2	26,03
8	Ағашты ою тәсілдері	2	10,17
9	Ою өрнектердің қолдануы	2	24,14,01
10	Ағашты ою технологиясы ағаш қасық ою	4	21,28,04,11
11	Асхана жабдығын дайындау ағашты таңдау (фанера )	2	18,25
12	Ағашты өлшеу кесу берін түрпі қағазы мен тазалау	2	04,11,03
13	Дайын бұйым бетінде әсемдеу Пирография өнері	2	18,01,04
14	Ағаштан кәдесый, домбыра жасау	2	08,15
15	Ағаштан сандықша жасау	3	22,29,05
16	Ағаштан кәдесый қобыз жасау	2	12,19

## 7-сынып

№	Тақырыбы	Сағат саны	Уақыты
1	Кіріспе Қауіпсіздік ережесі	1	04,09
2	Сәндік қолданбалы өнері Ұлттық бұйымдармен танысу	2	11,18
3	Ою-өрнек түрлерімен қысқаша тарихы Қазақ халқының ұлттық ою-өрнегі	2	25,02
4	Табиғи материалдармен жұмыс жасау жануарлар бейнесі	3	09,16,23
5	Тері өңдеу технологиясы	2	06,13
6	Қорамса пішу кесу, тігу	4	20,27,04,11
7	Бесік жасау технологиясы пайдалану құрлымы бесікке байланысты әдеп ғұрыптар сызбасын құрастыру	4	18,25,15,22
8	Ағаштан күрек жасау технологиясы шеге сабы шруп сызба бойынша құрастыру	4	29,05,12,19
9	Ағаш күректі бояу лактеу	2	26,02
10	Ағаштан табақ ою технологиясы сызбасын жасау ағаш таңдау аралау лактеу	4	05,12,19,02
11	Ағаштан былғауыш жасау технологиясы ағаш таңдау аралау бұрғылау бекіту	4	09,16,23,30
12	Жұмыстардан көрме ұйымдастыру	2	14,21

**8- сынып**

<b>№</b>	<b>Тақырыбы</b>	<b>Сағат саны</b>	<b>Уақытты</b>
1	Техникалық қауіпсіздік ережесі	1	05.09
2	Қолөнер түрлерімен мағлұмат беру	2	12,19
3	Ағашты шеберлерімен ұсталық жұмысына қажетті материалдар	2	26,03.10
4	Ағашты механикалық өңдеуге арналған құралдар Қауіпсіздік ережелері	3	10,17,24
5	Ағаштан табақ жасау технологиясы сызбасын жасау тазалау	4	07,14,21,28
6	Жаңа жылдық жұмсақ ойыншықтар жасау ұлттық нақышта	3	05,12,19
7	Птирография өнерімен таныстыру көркемдеп күйдіру техникасымен тәсілдері	3	26,09,16
8	Тері өңдеу технологиясы	2	23,30.01
9	Тоқу өнері туралы түсінік	2	06,13
10	Қазақ халқының зергерлік өнерімен танысу	2	20,27
11	Зергерлік бұйым орындау	2	06,13.03
12	Материалдар мен құрал жабдықтарын таңдау.	2	20,03.04
13	Табиғи материалдардың түрері мен сипаттамалары	2	10,17
14	Табиғи материалдардан дайындалатын бұйым Нобайын орындау	3	24,08,15
15	Жұмыстардан көрме ұйымдастыру	1	22.05

**9-сынып**

<b>№</b>	<b>Тақырыбы</b>	<b>Сағат саны</b>	<b>Уақыты</b>
1	Техникалық қауіпсіздік ережесі	1	03.09
2	Қазақ халқының тұрмыстық заттармен танысу	2	13,20
3	Қазақ халқының тұрмыстық заттарының орындалу техникасы торсық дөңгелек үстел дайындау .	4	27,04,11,18.
4	Жаңа жылдық жұмсақ ойыншықтар жасау ұлттық нақышта	4	08,15,22,29
5	Кебеже жасау технологиясы	2	06,13
6	Күбі жасау технологиясы	2	20,27
7	Сандық жасау технологиясы	3	10,17,24
8	Музыкалық аспаптардың құрлысы ерекшеліктері домбыра жасау	3	31,07,14.02
9	Ағаштан астау ойып жасау	4	21,28,07,14
10	Мозайка өнері	4	04,11,18,25
11	Мозайка орындаудың түрлері мен техникалары	4	02,09,16,23
12	Жұмыстардан көрме ұйымдастыру .	1	24

**“Қолөнер” үйірмесінің меңгеруде пайдаланатын қосымша білім беру материалдары**

**Оқушылар үшін пайданылған әдебиеттер тізімі:**

Тест тапсырмалары

Рефераттар

Альбомдар

Көрме ұйымдастыру

**Мұғалімдер үшін пайданылған әдебиеттер тізімі:**

Қазақтың қолданбалы Алматы кітап 2007ж Шоқпаров Д

Дәркенбейұлы Д

Технология Атамұра 2003 ж Қ. Өстеміров

Технология журналы № 5 2010 ж

Технология ер балаларға арналған Алматы Мектеп 2009 ж